**Аннотация.** Мақала білім беру процесінде үлкен деректер қорын өңдеуде жасанды интеллектті қолданудың рөлін, әдістерін және туындайтын қиындықтарды зерттеуге бағытталған. Мақсаты – білім беру жүйесінде жасанды интеллект технологияларын тиімді пайдалану арқылы оқыту сапасын арттыру, оқу процесін жекелендіруді қамтамасыз ету және білім беру нәтижелерін оңтайландыру жолдарын анықтау. Зерттеу барысында әдеби шолу, салыстырмалы талдау, жүйелеу, кейс-стади, тәжірибелік тәжірибелерді зерделеу және статистикалық талдау әдістері қолданылды. Мақалада оқу процесін бейімдеуді, жеке оқу жолдарын құруды, білім беру бағдарламаларын оңтайландыруды, нақты уақыттағы үлгерімді бақылауды және шешім қабылдауды қолдауды қамтитын жасанды интеллектті қолданудың негізгі аспектілері көрсетілген. Үлкен деректерді талдауға арналған жасанды интеллект құралдары шағын шеңберлі және жалпы жасанды интеллект түрлеріне сәйкес жіктеліп сипатталған. Әлемдік тәжірибелерге шолу жасау арқылы білімгерлердің эмоционалды жағдайын талдауда, білім беру процесін қолдаудың интеллектуалды жүйелерін құруда, адаптивті оқыту платформаларын дамытуда және оқытушылардың кәсіби дамуын қолдауда жасанды интеллектті қолданудың нақты мысалдары келтірілген. Сонымен қатар, цифрлық теңсіздікті азайту, инклюзивті білім беру шешімдерін құру, оқу ресурстарын тең үлестіру және білім беру жүйелерін сәтті интеграциялау үшін нормативтік-құқықтық база мен инфрақұрылымды дамыту стратегияларының маңызы талқыланады. Мақала білім беру процесін жаңғырту, инновацияларды

ынталандыру, оқытудың тиімділігін арттыру және жеке көзқарасқа негізделген оқытуды қамтамасыз ету үшін жасанды интеллект технологияларын енгізудің маңызды екенін көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеу ұсыныстары білім беру саласын тұрақты дамытуға, оқушылар мен мұғалімдердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға және білім беру сапасын үздіксіз жетілдіруге бағытталған.

Түйін сөздер: білім беру процесі, үлкен деректер қоры, интеграция, жекешелендіру, жасанды интеллект, әдістер

© Н.Т. Шындалиев, А.С. Серикказы, Г.Ф. Нурбекова\*, 2025.

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва,

Астана, Казахстан.

E-mail: gulfurfaz@mail.ru

## ПРИМЕНЕНИЕ БОЛЬШИХ ДАННЫХ И ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ

**Шындалиев Нуржан** — кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,  
E-mail: nurazhan0412@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-5284-3526>;

**Серикказы Адылет** — докторант 1-го курса по образовательной программе «8D01511 - Информатика», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,

E-mail: adiletserikkazy2@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0001-5284-3526>;

**Нурбекова Гульмира** — Phd, и.о. ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,

E-mail: gulfurfaz@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0005-8468-9523>.

**Аннотация.** Статья направлена на исследование роли, методов и возникающих трудностей применения искусственного интеллекта при обработке больших данных в образовательном процессе. Цель – определить пути эффективного использования технологий искусственного интеллекта в системе образования для повышения качества обучения, обеспечения персонализированного подхода к обучению и оптимизации образовательных результатов. В исследовании использовались обзор литературы, сравнительный анализ, систематизация, кейс-стади, изучение практического опыта и статистический анализ. В статье рассмотрены ключевые аспекты применения искусственного интеллекта, включая адаптацию учебного процесса, создание индивидуальных образовательных траекторий, оптимизацию образовательных программ, мониторинг успеваемости в режиме реального времени и поддержку принятия решений. Инструменты искусственного интеллекта для анализа больших данных классифицированы по узкоспециализированным и общим видам искусственного интеллекта. На основе анализа мирового опыта приведены конкретные примеры успешного применения искусственного интеллекта для анализа эмоционального состояния обучающихся, создания интеллектуальных систем поддержки образовательного процесса, разработки

адаптивных обучающих платформ и поддержки профессионального развития преподавателей. Кроме того, обсуждаются перспективы применения искусственного интеллекта для сокращения цифрового неравенства, создания инклюзивных образовательных решений, равномерного распределения учебных ресурсов, а также важность развития нормативно-правовой базы и инфраструктуры для успешной интеграции технологий. Статья демонстрирует значимость внедрения технологий искусственного интеллекта для модернизации образовательного процесса, стимулирования инноваций, повышения эффективности обучения и обеспечения индивидуализированного подхода. Рекомендации исследования направлены на устойчивое развитие образовательной сферы, удовлетворение потребностей обучающихся и педагогов, а также непрерывное совершенствование качества образования.

**Ключевые слова:** образовательный процесс, большие базы данных, интеграция, персонализация, искусственный интеллект, методы

**Кіріспе.** Бүгінгі таңда деректерді жылдам жылдамдықпен жасайтын миллиондаған деректер көздері бар. Яғни цифрлық технологиялардың жылдам дамуы әртүрлі секторларда, соның ішінде білім беруде деректер генерациясының бұрын-соңды болмаған өсуіне алып келді. Жоғарғы оқу орындары үлкен деректердің білімгерлердің оқу жетістіктері, оқыту әдістері және жалпы білім нәтижелері туралы терең түсінік беріп, оқытуды жаңа деңгейге көтеретін әлеуетін мойындап отыр (Siemens және т.б., 2011). Үлкен көлемдегі білім беру деректер қорын өңдеу арқылы оқытушылар заманауи тенденцияларды анықтай алады, кездесетін оқу қиындықтарын болжай алады және оқыту әдістерін бейімдей отырып, білім сапасын жетілдіреді (Daniel, 2015).

Дегенмен, білім беруде білімгерлердің үлкен деректер қорын өңдеу дағдыларын жетілдіру қажеттілігі байқалады. Lane және Zink зерттеулерінде, оқытушылар қауымының үлкен деректерді түсіндіру және оларды тиімді технологиялар арқылы өңдеуді үйрететін кәсіби даму бағдарламаларының қажеттілігін көрсетеді (Lane, Zink, 2018). Деректерді өңдеуді автоматтандыру, үлгіні тану және түсінікті алу, нақты уақыттағы деректерді талдау және шешім қабылдауды қолдау сияқты ауқымды тапсырмалар жиынын жасанды интеллект құралдары арқылы орындауға болады (Radha et al., 2024). Демек, жасанды интеллект алгоритмдері арқылы үлкен көлемді деректерді тиімді өңдеп, құнды ақпаратты жылдам анықтауға мүмкіндік береді.

Біздің елімізде де үлкен деректерді өңдеу және жасанды интеллектке байланысты бірнеше заңнамалық және нормативтік құжаттар қабылданған. Олардың ішінде ең маңыздылары: «2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы» бойынша еліміздің барлық облыстарында деректерді өңдеудің тірек орталықтары пайда болатыны айтылған, яғни үлкен деректерді талдаумен (Big Data) және жасанды

интеллекте ерекше назар аударылып, мемлекеттік органдар мен жеке ұйымдардың қызметтерінің сапасын арттыру мақсаты қарастырылған болса (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы), «Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бойынша жасанды интеллекттің дамыту бағыттары, мақсаттары мен міндеттері нақты айқындалған. Жасанды интеллектті қолдану салалары, инфрақұрылымдық даму және кадрлық қамтамасыз ету мәселелері қарастырылған (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы).

Бұл мақаланың мақсаты – білім берудегі үлкен деректер қорын өңдеудегі жасанды интеллекттің рөлін, қолданылатын әдістерін және қиындықтарын зерттеу. Жасанды интеллект технологияларының деректер қорын талдауға негізделген тәжірибесін айқындау үшін келесі зерттеу сұрақтары қарастырылады:

- Жасанды интеллект білім беру процесінде үлкен деректер қорын өңдеуде қандай рөл атқарады?
- Үлкен деректерді өңдеу үшін жасанды интеллектке негізделген қандай әдістер жиі қолданылады?
- Жасанды интеллект құралдарын қолдануда мұғалімдер қандай негізгі қиындықтарға тап болады?

Зерттеу материалдары. Жасанды интеллект негізіндегі деректерді талдау – үлкен деректер жиынтығынан білім мен түсініктер алу үшін жасанды интеллект әдістерін қолдануды қамтиды (Gandomi et al., 2022). Ол үшін машиналық оқыту алгоритмдерін, терең оқыту модельдерін және табиғи тілдерді өңдеу әдістері пайдаланылып, деректердегі заңдылықтар мен байланыстарды анықтау үшін пайдаланады. Демек, үлкен деректерді өңдеудегі жасанды интеллектті қолданудың негізгі мақсаты – талдау процесін автоматтандыру, оның жылдамдығын, дәлдігін және масштабтылығын арттыру.

Үлкен деректер қоры мен жасанды интеллект интеграциясының қарқынды дамуы адамзат қоғамының барлық салаларына, соның ішінде экономикаға, саясатқа, ғылымға және білімге әсер еткені мәлім. Дегенмен біздің зерттеуімізге зерттеу тақырыбының білім берудегі тәжірибесі назарға алынды. Яғни зерттеу мақсаты мен сұрақтары бойынша әлемдік тәжірибелердегі үздік зерттеу жұмыстарға, машиналық оқыту мен жасанды интеллекттің элементтері қамтитын мақалалар таңдалып, нақты зерттеу сұрақтары бойынша салыстырмалы талдау жасалынды. Нәтижесінде әрбір зерттеу сұрағы бойынша, білім беру процесінде үлкен деректер қорын өңдеуде жасанды интеллекттің рөлі, қолданылатын әдістер, жиі кездесетін қиындықтарын анықтауға мүмкіндік берді.

Ең алғашқы білім беру процесінде жасанды интеллект технологиялары «SCHOLAR» атты интеллектуалды репетиторлық жүйесінде қолданылған. Жүйе географияны зерттеуді қолдауға арналған және білімгерлердің сөздеріне интерактивті жауаптар жасауға қабілетті болды (Carbonell, 1970). Ол кезде

деректер көлемі қазіргі таңдағы деректерге қарағанда салыстырмалы түрде аз болғаны белгілі. Сондықтан қазіргі кезде білім берудегі үлкен деректер мен жасанды интеллект элементтерін интеграциялау арқылы интеллектуалды есептеу технологияларын жетілдіруге, роботтық жүйелер және чатботтар құру арқылы жаңа әдіс ретінде трендке айналуға.

Келесі зерттеу жұмысы онлайн оқыту платформаларынан жасалған үлкен деректер білімгерлердің эмоционалдық белсенділігін талдауға бағытталған (Mojsilović et al., 2023). Бет-әлпетті тану алгоритмдерін және терең оқыту әдістерін пайдалана отырып, зерттеу онлайн курстар кезінде білімгерлердің мимикасының үлкен деректер жиынтығын өңдейді. Эмоцияларды жіктеудің дәлдігін арттыру үшін терең нейрондық желілермен оқыту қолданылған. Нәтижелеріне келетін болсақ, жүйе эмоцияларды дұрыс анықтап, оқыту тәжірибесінің оқу нәтижелеріне эмоционалдық әсері туралы түсінік беретінін көрсеткен. Зерттеу барысында қатысуды жақсартуда перспективалы нәтижелер бергенімен, қиындықтар үлкен деректер жиынын өңдеуге және білімгерлердің құпиялылығын қамтамасыз етуге арналған есептеу шығындарына қатысты болған.

**Әдістері.** Бұл зерттеу жұмысы білім беру процесіндегі әдебиеттерді жіктеу үшін академиялық басылымдардың үлкен деректер қорын пайдалануға бағытталған (Honavar et al., 2023). Зерттеуде конволюциялық нейрондық желілерді және өлшенген ғылыми метриялық термин векторларын пайдалана отырып, жарияланым мүмкіндіктерінен, авторлық үлестерден және мазмұн атрибуттарынан тұратын кең деректер жиыны талданған. Жүйе әдебиеттің екі таңбалы классификациясына қол жеткізді, яғни шығармаларды мазмұны мен әдістемесі бойынша дәстүрлі жіктеу әдістерімен салыстырғанда жоғары дәлдікпен санаттанғанын көрсеткен. Зерттеу нәтижелері модельдің білім беру ресурстарын ұйымдастырудағы тиімділігін көрсеткен, дегенмен үлкен деректер қорын өңдеудегі есептеу күрделілігі арқылы қиындықтар туындағанын баяндаған.

Ерекше зерттеудің бірі 17 487 бірегей кілт сөздерді қамтитын 10 журналдағы 3553 мақаладан үлкен деректерді алу және талдау үшін мәтінді өңдеу әдістеріне арналған (Сао et al., 2023). Жұмыс барысы зерттеу терминдері мен кілт сөздерін анықтай отырып, талдаулар жасалынған. Мәтінді іздеу әдеттегі әдістермен салыстырғанда нәтижелердің сенімділігі мен жалпылануын арттырған, бірақ қиындықтарға мәліметтер жиынтығының біртектілігін басқару және әр түрлі дереккөздерде кілт сөздердің дұрыс нұсқада ұсынылуын қамтамасыз ету мақсатына бағытталған.

Білім берудегі үлкен деректер мен жасанды интеллекттің интеграциясы оқу ортасын қайта құруға, жекелендірілген тәжірибені жақсартуға және әкімшілік тиімділікті арттыруға бағытталған. Үлкен деректер білімгерлердің жеке қажеттіліктері мен оқу стильдеріне бейімделу арқылы жеке білім беру тәжірибесін жасауға мүмкіндік береді (Zaman, 2024). Жасанды интеллект технологиялары білімгерлердің үлгерімін болжай алатын және жекелендірілген



ресурстарды ұсына алатын бейімделген оқыту жүйелерін жеңілдетеді (Elam, 2024). Алайда, аталған тәсілдерді іске асыруда этикалық принциптер мен саясаттарды қажет ететін деректердің құпиялылығына, біржақтылыққа және цифрлық алшақтыққа қатысты алаңдаушылық туғызады.

Нәтиже. Жасанды интеллект білім беру процесінде үлкен деректер қорын өңдеуде рөлі.

Білім беру процесінде жасанды интеллект үлкен деректер қорын өңдеуде маңызды рөл атқарады, яғни оқытушылар мен білім беру әкімшілеріне деректерді тиімді жинауға, талдауға және пайдалануға мүмкіндік береді. Сондықтан, жасанды интеллекттің білім берудегі рөлін келесі үш негізгі құрамдас бөлігі арқылы сипаттауға болады (Сурет -1).



1 – сурет. Жасанды интеллекттің білім беру процесінде үлкен деректерді өңдеудегі негізгі құрамдас бөлігі.

Деректерді жинаудің негізгі мақсаты - талдау процесі нақты және дұрыс болуы үшін, жасанды интеллект әртүрлі көздерден үлкен көлемді білім беру деректер жиынын біріктіру. Бұл білімгерлердің сабаққа қатысуын, белсенділігі мен үлгерімін нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді. Цифрлық оқыту платформалары білімгерлердің өзара пікірталасу мүмкіндіктерін ұсына отырып, білім беру процесінде қолданылған материалдар туралы пікірлерді жинақтау арқылы деректерді алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, IoT құрылғылары, сенсорлардың жиынтықтары арқылы деректерді жинап, деректер жинағын байытады алады (Gobert et al., 2017).

Жасанды интеллекттің саласы машиналық оқыту алгоритмдері арқылы деректерді талдаудың мақсаты оқытуды да, оқуды да жақсартатын нақты, негізделген шешімдер қабылдау үшін деректерді пайдалану. Білімгерлердің мінез-құлқындағы, үлгеріміндегі және қатысуындағы заңдылықтарды зерттей отырып, деректерді талдау білімгерлердің қиналуы немесе үлгеруі мүмкін аймақтарды анықтауға көмектеседі. Болжалды аналитика оқытушыларға білімгерлердің оқуын тастап кету ықтималдығы немесе академиялық жетістікке жету мүмкіндігі сияқты ықтимал мәселелерді болжауға мүмкіндік береді.



Сонымен қатар, ақпаратты меңгеріп үлгере алмаған білімгерлерге қосымша қолдау көрсету немесе әртүрлі оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқыту әдістерін бейімдеу сияқты мақсатты іс-шараларды өткізуге мүмкіндік береді (Mislevy et al., 2020).

Деректерді пайдаланудың негізгі мақсаты - білім беру мәселелерін шешетін нақты және тиімді стратегиялар арқылы білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыру. Жасанды интеллект құралдары білім беру нәтижелерін жақсарту үшін деректерді талдау деректерін пайдаланады. Жекелендірілген оқыту мазмұны мен тәсілін әр білімгердің қажеттіліктері мен қалауына сәйкес реттейді. Адаптивті жүйелер білімгерлердің үлгеріміне қарай нақты уақыт режимінде оқу материалдары мен қиындық деңгейлерін өзгертеді. Деректерге негізделген түсініктер оқу бағдарламаларының дизайны мен жаңартуларын басшылыққа алады, бұл мазмұнның білім алушылардың оқу талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Бұл процесс білім беруді тиімдірек және қолжетімді ету үшін деректерді пайдалануға бағытталған (Lu et al., 2018).

Үлкен деректерді өңдеу үшін жасанды интеллектке негізделген әдістер.

Жасанды интеллектке негізделген әдістер үлкен деректердің жұмыс процесінің кезеңдерін жеңілдететіні мәлім. Сондықтан үлкен деректерді өңдеуде қолданылатын негізгі жасанды интеллект әдістеріне келесілер жатады:

- Автоматтандырылған деректерді өңдеу;
- Үлгілерді тану;
- Болжамды аналитика;
- Нақты уақыттағы аналитика;
- Табиғи тілді өңдеу;
- Масштабталатын жасанды интеллект платформалары.

Аталған әрбір әдістердің өзіндік мақсаттары бар. Ең алдымен деректерді автоматтандырылған өңдеу әдісінің мақсаты - деректер жиынын автоматты түрде тазалау, қалыпқа келтіру және дайындау, қол күшін азайту және тиімді талдауды қамтамасыз ету арқылы деректердің сенімділігін қамтамасыз етсе, үлгіні тану әдісі - стратегиялар мен шешім қабылдау процесіне негіз болатын тиімді ақпарат беру үшін деректер жиынындағы тенденцияларды, корреляцияларды және жасырын үлгілерді анықтайды. Болжалды аналитика - болашақ тенденциялар мен нәтижелерді болжау үшін тарихи деректерді пайдаланады, ұйымдарға тәуекелдер мен жақсы жоспарлау мүмкіндіктерін болжауға көмектессе, нақты уақыттағы аналитика - мониторинг, алаяқтықты анықтау және уақтылы шешім қабылдау сияқты қолданбалар туралы ақпарат беру үшін ағындық деректерді тез өңдейді. Табиғи тілді өңдеу - сапалы ақпаратты түсінуді арттыра отырып, тұтынушылардың көңіл-күйін талдау немесе кері байланысты талдау сияқты мағыналы түсініктерді алу үшін құрылымдалмаған мәтіндік деректерді талдайды. Масштабталатын жасанды интеллект платформалары – күрделі деректер жиынтықтарын тиімді өңдеу үшін таратылған жүйелер мен бұлттық құралдарды қолданады, масштабталу мен тиімділікті қамтамасыз етеді.

Талқылау. Барлық әдістерді жүзеге асыруға қажетті жасанды интеллект құралдарыда үнемі жаңартылып, даму үстінде. Сол себептен болашақ білімгерлердің үлкен көлемді деректерді өңдеуге қолданылатын жасанды интеллект құралдары бойынша білім беру өзекті болып келеді. Келесі кестеде жасанды интеллект құралдарының функцияларын, мүмкіндіктерін және олардың үлкен деректерді талдаудағы рөлдері жайлы құрылымдалған форматта көрсетілген (Кесте -1).

Кесте 1 - Үлкен деректерді талдауға арналған жасанды интеллект құралдары

| Санат                         | Құрал              | Сипаттама                                                                                                    | Негізгі мүмкіндіктері                                                                   |
|-------------------------------|--------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|
| Машиналық оқыту кітапханалары | TensorFlow         | Google әзірлеген машиналық оқыту модельдерін құруға және оқытуға арналған ашық кітапхана.                    | Терең оқыту, нейрондық желілер және табиғи тілді өңдеуді қолдайды.                      |
|                               | PyTorch            | Facebook әзірлеген ашық кітапхана, икемділігімен және динамикалық есептеу графигімен танымал.                | Терең оқыту сияқты әртүрлі машиналық оқыту тапсырмаларына жарамды.                      |
|                               | Scikit-learn       | Python-ға арналған машиналық оқыту және деректерді өңдеу кітапханасы, жиі таратылған жүйелермен қолданылады. | Жіктеу, регрессия және кластерлеуге арналған алгоритмдерді ұсынады.                     |
|                               | H2O.ai             | Үлкен деректермен жұмыс істеуге арналған таратылған және масштабталатын машиналық оқыту платформасы.         | Үлкен деректер жиынтықтарымен оңай интеграцияланатын құралдарды ұсынады.                |
| Таратылған платформалар       | Apache Spark MLlib | Apache Spark жүйесінің бөлігі, үлкен деректер үшін масштабталатын машиналық оқыту мүмкіндіктерін ұсынады.    | Жіктеу, регрессия, кластерлеу және бірлескен сүзуге арналған алгоритмдерді қамтиды.     |
|                               | Databricks         | Apache Spark негізінде құрылған, біріккен және интерактивті аналитикаға арналған платформа.                  | Деректер инженериясын, машиналық оқытуды және бизнес аналитикасын біріктіреді.          |
| Бұлттық қызметтер             | Amazon SageMaker   | AWS әзірлеген толығымен басқарылатын машиналық оқыту қызметі.                                                | Үлкен деректерді өңдеуге арналған AWS құралдарымен интеграцияланады.                    |
|                               | Microsoft Azure ML | Машиналық оқыту модельдерін құруға, оқытуға және енгізуге арналған Microsoft әзірлеген бұлттық қызмет.       | Azure-дың үлкен деректер және аналитикалық қызметтерімен интеграцияланады.              |
| Деректер ғылымы платформалары | IBM Watson Studio  | Деректер ғалымдарына, әзірлеушілерге және аналитиктерге арналған IBM-нің біріктірілген ортасы.               | Бірлескен құралдармен машиналық оқыту, терең оқыту және деректер аналитикасын қолдайды. |
|                               | RapidMiner         | Деректерді дайындау, машиналық оқыту және болжамды аналитикаға арналған деректер ғылымы платформасы.         | Дәстүрлі және үлкен деректер аналитикасын біріктірілген ортада қолдайды.                |

Үлкен деректерді талдауға арналған жасанды интеллект құралдары тар шеңберлі жасанды интеллект және жалпы жасанды интеллект түрлеріне негізделі отырып жіктеледі. **Тар шеңберлі жасанды интеллект** белгілі бір тапсырманы орындауға арналған және сол нақты функцияларды орындауда жоғары нәтижеге жетеді, бірақ адамның когнитивті қабілеттеріне ие бола алмайды. Мысал ретінде виртуалды жеке көмекшілер (Siri, Алиса), кескіндерді тану бағдарламалары және ұсыныс алгоритмдерін жатқызуға болады. **Жалпы жасанды интеллекттің** теориялық түрі, ол әртүрлі салаларда білімді түсініп, үйреніп және қолдану қабілетіне ие, бұл адамның қабілеттеріне ұқсас болып келеді. Кестедегі құралдар заңдылықтарды тану, болжамды аналитика және табиғи тілді өңдеу сияқты нақты функцияларды орындауда өте тиімді, олар үлкен деректер мәселелерін шешуге көмектесетіндіктен тар шеңберлі жасанды интеллектке жатады.

Жасанды интеллект құралдарын қолдануда кездесетін негізгі қиындықтар.

Жасанды интеллекттің білім берудегі үлкен деректер жиынын өңдеудегі басты мәселесі - жоғары сапалы, сенімді деректердің қажеттілігі. Яғни жасанды интеллект жүйелері мазмұнды ақпарат алу үшін нақты деректерді енгізуге тәуелді. Дегенмен, кейбір жағдайларда білім беру деректері сәйкес келмей немесе толық болмай жатады, сәйкесінше бұл сенімсіз нәтижелерге әкелуі мүмкін (Radha et al., 2024).

Сонымен қатар, құпиялылық пен этикалық ойлар білім беру деректері үшін жасанды интеллектті пайдаланудағы тағы бір маңызды мәселе болып табылады. Білімгерлердің құпия ақпаратымен жұмыс істеу білімгерлердің құқықтары мен құпиялылығын қорғау үшін құпиялылық стандарттары мен этикалық ережелерді қатаң сақтауды талап етеді (Daniel et al., 2015). Оқытушылар қауымы мен жоғары оқу орындары жасанды интеллектті ұсына алатын білім беру артықшылықтарын барынша арттыра отырып, осы этикалық мәселелерді шешуі қажет.

Келесі мәселе білім беру мекемелерінде жасанды интеллекті енгізу деректерді талдаудың озық құралдарымен таныс болмауы мүмкін оқытушыларды оқыту мен қолдауды қажет етеді (Lane, Zink, 2018). Демек, жасанды интеллекттің әлеуетін барынша арттыру үшін жоғары оқу орындары біліктілікті арттыруға жағдай жасау қажет және оқытушыларға жасанды интеллект құралдарын оқу тәжірибесінде тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін инфрақұрылым құруы керек.

Қорытынды. Жасанды интеллект пен үлкен деректер қоры бір-бірімен тығыз байланысты, яғни әртүрлі салалардағы тапсырмаларды өзгерту үшін бірлесіп жұмыс жасайды. Білім беру саласында бұл технологиялар оқыту мен білім беруді жетілдіру, маңызды түсініктер беру, инновацияларды ынталандыру және нақты шешімдер қабылдауға ықпал ету арқылы өзгеріс жасау әлеуетіне ие. Үлкен деректер қорын өңдеуде жасанды интеллект мүмкіндіктерін біріктіру білім беру процесстерін тиімді ұйымдастыруға жаңа мүмкіндіктерді ашады.

Жасанды интеллект және үлкен деректер қоры жаңа зерттеу сұрақтарына,

инновациялық әдістемелерге және деректерді жинау мен талдаудың инновациялық құралдарына мүмкіндіктер ашады. Бұл технологияларды білім беруде енгізу әлі ерте сатысында болса да, технологиялық шектеулер мен өзгерістерге төзімділік сияқты қиындықтарға тап болса да, психологиядағы, деректер ғылымындағы және информатикадағы жетістіктердің жақындасуы орасан зор әлеуетті көрсетеді. Бұл ынтымақтастық білім беру саласындағы зерттеулерге, тәжірибелерге және жалпы салаға айтарлықтай әсер етіп, білім берудің тұрақты дамуына жол ашуы мүмкін.

Осы мүмкіндіктерді зерттей отырып мақалада жасанды интеллектпен үлкен деректер қорын өңдеу білім беру ландшафтын қалай өзгерте алатыны туралы үздіксіз пікірталасқа үлес қосуға бағытталған. Осы технологияларды тиімді пайдалану арқылы білімгерлер де, оқытушылар да оқытудың жетілдірілген әдістері мен зерттеу нәтижелерін пайдалана алады.

#### Әдебиеттер

Budee U Zaman. (2024) Leveraging Big Data and AI for Personalized Learning Opportunities, Challenges, and Ethical Considerations. doi: 10.20944/preprints202407.1211.v1

Cao L., Zhang Y., Li J. (2023) Text mining in design research: A systematic review. *Electronics*, 12(4). — 3930 p. <https://doi.org/10.3390/electronics12033930>

Carbonell J.R. (1970) AI in CAI: an artificial-intelligence approach to computer-assisted instruction. *IEEE Trans. Man-Machine Sys.* 11. — P. 190–202. doi: 10.1109/TMMS.1970.299942

Daniel B.K. (2015) Big data and learning analytics in higher education: Opportunities and challenges. *British Journal of Educational Technology*, 46(5). — P. 904-920. <https://doi.org/10.1111/bjet.12230>

Gobert J.D., Sao Pedro M.A. (2017) Leveraging educational data mining to assess students' scientific inquiry skills. *Educational Psychologist*, 52(4). — P. 247-257.

Gandomi A.H., Chen F., Abualigah L. (2022) Machine learning technologies for big data analytics. *Electronics*, 11(3). — 421 p.

Honavar V., Pal S., Ghosh A. (2023) Scientometric classification using convolutional neural networks. *Electronics*, 12(4), 2066. <https://doi.org/10.3390/electronics12012066>

Khanssa Mohammed Elam (2024) Exploring the Challenges and Future Directions of Big Data and AI in Education. *Deleted Journal*, doi: 10.60087/jaigs.v1i1.173

Lane C., Zink A. (2018) The skills gap in education technology: Preparing educators to leverage data analytics. *Journal of Education Technology*, 12(4). — P. 23-33.

Lu J., Huang J., Deng R. (2018) AI and big data in precision education: Promises and challenges. *International Journal of Educational Technology in Higher Education*, 15(1). — P. 1-16.

Mojsilović A., Varshney K., Wang J. (2023) Deep learning-based student emotion detection in online learning. *Electronics*, 12(4). — 957 p. <https://doi.org/10.3390/electronics12040957>

Mislevy R.J., Behrens J.T., DiCerbo K.E. (2020) Evidence-centered design in digital assessment. *Educational Measurement: Issues and Practice*, 39(2). — P. 14-26.

Radha C., Midunkumar R., Muralibabu S., Partheeban V., Praveenkumar T. (2024) Role of artificial intelligence in big data analytics. *International Journal of Advanced Research in Science, Communication and Technology*, 4(2). — P. 586-591. <https://doi.org/10.48175/IJARSC-17089>

Siemens G., Long P. (2011) Penetrating the fog: Analytics in learning and education. *EDUCAUSE Review*, 46(5). — P. 30-40.

Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592>.

2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық

технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269>.

### References

- Budee U Zaman. (2024) Leveraging Big Data and AI for Personalized Learning Opportunities, Challenges, and Ethical Considerations. doi: 10.20944/preprints202407.1211.v1 (in Eng.).
- Cao L., Zhang Y., Li J. (2023) Text mining in design research: A systematic review. *Electronics*, 12(4). — 3930 p. <https://doi.org/10.3390/electronics12033930> (in Eng.).
- Carbonell J.R. (1970) AI in CAI: an artificial-intelligence approach to computer-assisted instruction. *IEEE Trans. Man-Machine Sys.* 11. — P. 190–202. doi: 10.1109/TMMS.1970.299942 (in Eng.).
- Daniel B.K. (2015) Big data and learning analytics in higher education: Opportunities and challenges. *British Journal of Educational Technology*, 46(5). — P. 904-920. <https://doi.org/10.1111/bjet.12230> (in Eng.).
- Gobert J.D., Sao Pedro M.A. (2017) Leveraging educational data mining to assess students' scientific inquiry skills. *Educational Psychologist*, 52(4). — P. 247-257. (in Eng.).
- Gandomi A.H., Chen F., Abualigah L. (2022) Machine learning technologies for big data analytics. *Electronics*, 11(3). — 421 p. (in Eng.).
- Honavar V., Pal S., Ghosh A. (2023) Scientometric classification using convolutional neural networks. *Electronics*, 12(4), 2066. <https://doi.org/10.3390/electronics12012066> (in Eng.).
- Khanssa Mohammed Elam (2024) Exploring the Challenges and Future Directions of Big Data and AI in Education. Deleted Journal, doi: 10.60087/jaigs.v1i1.173 (in Eng.).
- Lane C., Zink A. (2018) The skills gap in education technology: Preparing educators to leverage data analytics. *Journal of Education Technology*, 12(4). — P. 23-33. (in Eng.).
- Lu J., Huang J., Deng R. (2018) AI and big data in precision education: Promises and challenges. *International Journal of Educational Technology in Higher Education*, 15(1). — P. 1-16. (in Eng.).
- Mojsilović A., Varshney K., Wang J. (2023) Deep learning-based student emotion detection in online learning. *Electronics*, 12(4). — 957 p. <https://doi.org/10.3390/electronics12040957> (in Eng.).
- Mislevy R.J., Behrens J.T., DiCerbo K.E. (2020) Evidence-centered design in digital assessment. *Educational Measurement: Issues and Practice*, 39(2). — P. 14-26. (in Eng.).
- Radha C., Midunkumar R., Muralibabu S., Partheeban V., Praveenkumar T. (2024) Role of artificial intelligence in big data analytics. *International Journal of Advanced Research in Science, Communication and Technology*, 4(2). — P. 586-591. <https://doi.org/10.48175/IJARSCT-17089> (in Eng.).
- Siemens G., Long P. (2011) Penetrating the fog: Analytics in learning and education. *EDUCAUSE Review*, 46(5). — P. 30-40. (in Eng.).
- Qazaqstan Respublikasy Ükimeti (2024) Jasańy intel'lektu tárbieleýdi damytýdyń 2024–2029 jıldarǵa arnalǵan túzıhmamasy [Concept of Development of Artificial Intelligence for 2024–2029]. Astana: Qazaqstan Respublikasy Ükimeti. — 25 p. (in Kaz) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592>. (in Kaz.).
- Qazaqstan Respublikasy Ükimeti (2023) 2023–2029 jıldarǵa arnalǵan tsıfırlyq transformatsııa, aqparattyq-kommunikatsıalyq tehnologııa salasyn áleumettik qauıpsızdıktı damytý túzıhmamasy [Concept for Digital Transformation, ICT Development and Cybersecurity for 2023–2029]. Astana: Qazaqstan Respublikasy Ükimeti. — 40 p. (in Kaz) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269>. (in Kaz.).

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

**[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)**

**ISSN 2518–1467 (Online),**

**ISSN 1991–3494 (Print)**

**<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>**

Ответственный редактор **А. Ботанкызы**

Редакторы: **Д.С. Аленов, Т. Апендиев**

Верстка на компьютере: **Г.Д. Жадырановой**

Подписано в печать 31.12.2025.

46,0 п.л. Заказ 6.